

Қалыш Аманжол<sup>1</sup>, Бексейтов Ғалымжан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,  
«Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының  
директоры, Алматы қ., Қазақстан

**«ГЕОАРХЕОЛОГИЯ»  
– ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
БАҒЫТТАҒЫ ЖАҢА  
ЗЕРТХАНА**

Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер негізінен жер астында жасырулы жатады. Көбіне олар археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылып, өзінің бағасын шыннайы бағасын түбегейлі археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде алып жатады. Қазақстан Республикасының тарихи тамырын тереңнен зерттеу мақсатында 2013 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен өткен *Қазақстанның ұлттық тарихын зерделеу* жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Тарих археология және этнология факультетінің ішінде «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды. Зертхананың жұмысын бір ізге қою мақсатында, мемлекеттік (Халық – тарих толқынында) бағдарламасы аясында, жаратылыстану ғылымының жаңада озық инновациялық технологияларын енгізу арқылы, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу жұмыстары қолға алынды.

Қазіргі таңда әлемдік ғылым көне замандардағы мәдениет пен өнерге кеңінен назар аударуда. Әрине бұл мәселеге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих, археология және этнология факультеті мен Археология, этнология және музеология кафедрасының мүйізі қарағайдай профессор оқытушы ғалымдардың атсалысуының нәтижесінде, бірқатар сауалдарды шешуде жаратылыстану ғылымының жетістіктері кеңінен қолданылып, жаңа технологиялық әлует мүмкіндіктері жекелеген мәселелерді қарастыруға және нақтылауға көп септігін тигізуде. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының мамандары, жаратылыстану саласындағы (дендрахронология, термолюмицент, паленология, палеоботаника, палеогеология, одонтология, топырақтану, химия мен физика, генетика, геоморфология, палинология, т.б.) мамандармен қоян-қолтық жұмыс істеуде. Оның нәтижелері әлемдік археология тарихнамасына енген елеулі табыс болып есептеледі.

Осылайша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих, археология және этнология факультетінің, Археология, этнология және музеология кафедрасының жанындағы «Гео-

археология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының тарапынан гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарына ортақ еңбектер мен студенттерге тегін дәрістер оқылып, білімгерлердің таным көкжиегін кеңейтуде алғашқы қадамдары жасалып жатыр десем артық айтпас едім.

«Геоархеология» әлемдік ғылым жүйесімен бірге дамып келеді және Қазақстан бойынша жалғыз археологиямен жаратылыстану ғылымдары бір жерге түйіскен зертхана деуімізге әбден болады. Онда қалыптасқан ғылыми дәстүрлер мен жаңа инновациялық технологиялар да кеңінен қолданылып әрі өзара үйлестіріліп, далалық ізденістер жаңаша қырынан жанданып отыр.

Көпжылдық археологиялық зерттеулер Қазақстан аумағындағы адамзат қоғамының тарихи дамуының негізгі кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Оның әрбір кезеңі соңғы жылдары жаңа сапалық деңгейде қарастырылып, әрбір тарих – мәдени дәуірдің материалдарымен толықтырылды. Алынған тың материалдар археология ғылымының түйіні түйіткілді сауалдарын нақтылауға, жаңаша концептуальдық ой-пікірлердің қалыптасуына мол мүмкіндік беріп отыр.

Осы ретте әрине зерхананың атқарған жұмысын атап өтпесек болмас. 2015 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарына қарасты (Қара-Арша, Бесмойнақ, Рахат) ауылдарында «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының директоры т.ғ.к., доцент Ғалымжан Бексеитовтың басшылығымен


археологиялық қазба жұмыстары орындалды. Нәтижесінде Қара-Арша ауылында сақ-үйсін дәуіріне тән 7 қорған қазылды. Қазба барысында № 5 қорғаннан әйел адамның сүйегі, басы батысқа қаратылған, жанында темір қалдығы мен қыштан жасалған құмыралар бүтін күйінде табылды және де осы ретте № 7 қорғанды да атап өтуімізге болады. Себебі басқа қорғандарға қарағанда мүлде ерекше. Құрбандық шалу орны болғанға ұқсайды. Кезеңделуі шамамен алғанда қола дәуіріне тән, тас жәшіктермен қоршалған.

Жамбыл ауданынан кейінгі археологиялық қазба жұмыстары Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Рахат ауылында жалғасты. Қазба жұмыстары нәтижесінде үш қорған, сақ-үйсін дәуіріне тән қоныс пен палеолиттік тұрақ зерттелді. Мен мұнда № 3 қорғанды ерекше атап өткім келеді, себебі мұнда ері мен әйелі бір қабірдің ішіне жерленген. Жанында көзі тірі кезінде қолданған қару-жарақтары мен ыдыс-аяқтары, жебе ұштары мен дулығасы аршып алынды.

2016 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Сұңқар ауылдық округінде қазба жұмыстары өз жалғасын тапты. Қазба барысында қоладан, темірден, сүйектен жасалған қару-жарақтар мен қыш құмыралар қазылып алынды. Табылған жәдігерлердің барлығына дерлік «геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының археолог мамандары түрлі деңгейде сараптамалар жасау нәтижесінде, Қазақстан археологиясына елеулі жаңалықтар енгізді.



1-сурет – Конференция



2-сурет – Кітаптардың тұсаукесерінен көріністер

2016 жылдың қараша айының 30 жұлдызында мемлекеттік (Халық – тарих толқынында) бағдарламасының қорытындысы негізінде қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кеңейтілген түрде «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының ұйымдастыруымен, халықаралық деңгейдегі мемлекеттік **«Халық – тарих толқынында»** бағдарламасы аясында, **«Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері»** тақырыбында конференция өткізілді.

Конференция үш бағыт бойынша жүргізілді:

археологиялық зерттеулерде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану;

тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және музеефикациялаудың әдістері;

далалық археологиялық экспедицияларының материалдары.

Конференцияға алыс-жақын шет мемлекеттің мамандары келіп қатысты (1-сурет).

2017 жылдың мамыр айының 12 жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әл-Фараби кітапханасында Ғ.Т. Бексейтовтың бастауымен мемлекеттік (Халық – тарих толқынында) бағдарламасы негізінде зертхана тарапынан төмендегі үш кітаптың тұсаукесері өткізілді:

1. Байгунаков Д.С., Бексейтов Ғ.Т. Қазақстанның тас дәуірі археологиясы: теориясы, зерттеу әдістері мен нәтижелері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

2. Кусаинов С.А. Четвертичная геология (основы и методы исследования): учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

3. Сала Р., Деом Ж.-М. Геоархеология аридной зоны (на примере Казахстана): учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

Д.С. Байгунаков пен Ғ.Т. Бексейтовтың «Қазақстанның тас дәуірі археологиясы: теориясы, зерттеу әдістері мен нәтижелері» атты монографияның лентасын Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының директорының орынбасары т.ғ.к. Ж.Ж. Құрманқұлов кесті. С.А. Кусаиновтың «Четвертичная геология (основы и методы исследования)» атты оқу құралының тұсауын б.ғ.д., профессор Сабыр Темірғалиұлы Нуртазин жасады. Р. Сала мен Ж.-М. Деомның «Геоархеология аридной зоны (на примере Казахстана)» атты оқу құралдың лентасын кесу бақыты Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих институты директорының орынбасары т.ғ.к., доцент Нұрлан Әділбекұлы Атығаевқа бұйырды (2-сурет).